



Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
Сапа бойынша басшылық өкілі
А.Ошибаева
« 19 » 20 25 ж

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫ
УС-ХҚТУ-006-2025


ОҚУ АУДИТОРИЯЛАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫ МЕН САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Стратегиялық даму және сапа комитеті 2025ж. “19” наурыз № 1 к.т.к. шешімімен БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2027ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УС-ХҚТУ-006-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет стандарты	
Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы, 1-ші нұсқа, 17.03.2025ж.		5 беттің 2 –ші беті

1 МАҚСАТ

Университет осы стандартының негізгі мақсаты оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайын талапқа сәйкестендіру, талапқа сәйкестігін тексеру жүргізу тәртібіне және бұларға енгізілетін өзгерістердің шарттарын белгілеу.

2 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Университеттің осы стандарты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық аудиторияларында қолданылады және Сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына енеді.

3 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

- Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
- Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы
- "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы
- ISO 9001:2015
- ҚР СТ ИСО 9001-2016
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2025
- УС-ХҚТУ-001-2025

4 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі

УС – университет стандарты

ХС - Халықаралық стандарт

ҚП – құжаттандырылған процедура

5 ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1.1 Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы стандарты - негізгі міндеттерін, жауапкершілігін, алгоритмін көрсетіп, қызмет түрін атқаруға қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.

5.1.2 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті кафедра меңгерушілері және жауапты қызметкерлер оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайын талапқа сәйкестендіру, талапқа сәйкестігін тексеру кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқық құжаттарын, университет нұсқауларын және осы стандартты жетекшілікке алуға міндетті.

5.1.3 Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы стандарты Ахмет Ясауи университеті СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УС-ХҚТУ-006-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет стандарты	
Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы, 1-ші нұсқа, 17.03.2025ж.		5 беттің 3 –ші беті

5.2 ОҚУ АУДИТОРИЯЛАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫ МЕН САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ СТАНДАРТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

5.2.1 Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайын тексеру келесі баптарды құрайды:

- 5.2.1.1 Аудиторияда болуы керек құжаттамалар;
- 5.2.1.2 Аудиторияны мақсатына сай пайдалануы;
- 5.2.1.3 Аудиторияның сыйымдылығына сәйкес жасақталуы;
- 5.2.1.4 Сабақтарды өткізу үшін аудиториялардың қажетті жабдықтармен жабдықталуы;
- 5.2.1.5 Аудиториядағы еденнің жағдайы;
- 5.2.1.6 Аудитория қабырғаларының жағдайы;
- 5.2.1.7 Аудитория төбелерінің жағдайы;
- 5.2.1.8 Аудиториядағы техникалық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуі;
- 5.2.1.9 Орындықтар, үстелдер және басқа да жиһаздар жұмыс жағдайында болуы;
- 5.2.1.10 Жарықтандыру талапқа сәйкес болуы;
- 5.2.1.11 Желдету жүйесінің сәйкестігі;
- 5.2.1.12 Қымбат жабдықтары бар аудиторияларда өлшеу құралдардың болуы;
- 5.2.1.13 Аудиторияны күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

5.2.2 Аудиторияда болуы керек құжаттамалар:

- 5.2.1.1 Аудиториядағы жабдықтарды түгендеу тізімдемесі;
- 5.2.1.2 Өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар;
- 5.2.1.3 Аудиторияда жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері бойынша нұсқаулықтар;

5.2.3 Аудиторияны мақсатына сай пайдалануы. Оқытылатын сабақ түріне қарай (дәріс, семинарлар, практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы жұмыстар және т.б.) аудиториялардың сәйкес келуі.

5.2.4 Аудиторияның сыйымдылығына сәйкес жасақталуы

- Бір білім алушыға арналған аудиторияның ауданы нормативтерге сәйкес келуі:
- 1) кемінде 2,5 м² 1 білім алушыға - 12 - 15 орын үшін;
- 2) 2,2 м² 1 білім алушыға - 16 - 25 орын үшін.

5.2.5 Сабақтарды өткізу үшін аудиториялардың қажетті жабдықтармен жабдықталуы:

- Жұмыс үстелдерінің/парталардың саны бөлменің квадратурасына сәйкес келуі;
- Жұмыс үстелдеріндегі/парталарындағы орындар бойынша орындықтар саны сәйкес келуі;
- Оқытушының үстелі болуы;
- Оқытушының орындығы болуы;
- Компьютер болуы;
- Проектор болуы;
- Жазбалар үшін тақтаның немесе басқа да заттардың болуы;

5.2.6 Аудиториядағы еденнің жағдайы:

- Аудиториядағы еденнің беті тегіс болуы;
- Аудиториядағы еденнің беті саңылаусыз болуы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УС-ХҚТУ-006-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет стандарты	
Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы, 1-ші нұсқа, 17.03.2025ж.		5 беттің 4 –ші беті

- Еден беті кемшіліктерсіз және механикалық зақымданусыз болуы.

5.2.7 Аудитория қабырғаларының жағдайы:

- Бояуы таза болуы;
- Тегіс болуы;
- Жарықтардың болмауы;
- Зақымданудың болмауы.

5.2.8 Аудитория төбелерінің жағдайы:

- Бояу таза болуы;
- Тегіс болуы;
- Зақымданудың болмауы.

5.2.9 Аудиториялардағы техникалық жабдықтар дұрыс жұмыс істеуі:

- Пректорлар жұмыс жағдайында;
- Интерактивті тақталардың болуы;
- Муляждардың болуы;
- Компьютерлер жұмыс жағдайында;
- Демонстрациялық және басқа жабдықтардың болуы.

5.2.10 Орындықтар, үстелдер және басқа да жиһаздар жұмыс жағдайында болуы:

- Орындықтар жұмыс жағдайында болуы;
- Үстелдердің жұмыс жағдайында болуы ;
- Басқа жиһаздардың жұмыс жағдайында болуы.

5.2.11 Жарықтандыру талаптарға сәйкес болуы:

- Аудитория бөлмесінде жасанды жарықтандыру жеткілікті. (Шаршы метрге 15 ватт) болуы;

- Барлық шамдардың жұмыс істеуі.

5.2.11 Желдету жүйесінің сәйкестігі:

- Аудиторияларда желдету терезелері және лабораторияларда желдету жүйесі болуы;

- Желдету терезелерінің жеткілікті түрде ашылуы;
- Желдету жүйесі жұмыс істеуі;
- Желдету үшін ашылатын терезелерге, желдеткіштерге москит торлары орнатылуы.

5.2.12 Қымбат жабдықтары бар аудиторияларда өлшеу құралдардың болуы:

- Қымбат жабдықтары бар аудиторияларда термометрдің болуы;
- Қымбат жабдықтары бар аудиторияларда гигрометрдің болуы;

5.2.13 Аудиторияны күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар:

- Терезе әйнектерінің таза болуы;
- Электр шамдарының плафондары таза болуы;
- Сорғыш желдету жүйелерінің жалюзи торларының таза ұсталауы;

5.3 СТАНДАРТТЫ ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСІЛУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

5.3.1 Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы стандартының жобасын кафедра меңгерушісі және жауапты тұлға дайындайды,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УС-ХКТУ-006-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет стандарты	
Оқу аудиторияларының жабдыкталуы мен санитарлық жағдайы, 1-ші нұсқа, 17.03.2025ж.		5 беттің 5 –ші беті

Стратегиялық даму және сапа комитетінде (қызмет түрі бойынша комитет отырысында) талқыланып комитет қаулысымен қабылданады.

5.3.2 Университет стандарты университет Ректорымен және/немесе Сапа бойынша басшылық өкілі тарапынан бекітіледі.

5.3.3 Университет стандарты Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында тіркеледі. Тиісті құрылым бөлімшелерге ксерокөшірме орнатылған тәртіп бойынша таратылады. Бақылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақталады.

5.4 СТАНДАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

5.4.1 Осы стандарт жойылғанға дейін қызмет етеді немесе оқу аудиторияларының жабдыкталуы мен санитарлық жағдайын бақылауға сәйкес нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда жаңасымен ауыстырылады.

5.4.2 Осы стандартқа өзгерістер кафедра меңгерушісі нұсқауымен енгізіледі. Стандартқа өзгертулер енгізу тәртібі стандарттың келісілу тәртібімен бірдей.

5.4.3 Стандартқа өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сақталынады және дайындаушы тұлға арқылы жұмыс данасына және Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығындағы бақылау нұсқасына енгізіледі.

6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1 Оқу жылы аяқталғаннан кейін жауапты кафедралар тарапынан факультеттің аудиториялық қорына жыл сайын аудит жүргізілуіне, стандарт талаптарының орындалуына факультет декандары мен кафедра меңгерушілері жауапты.

6.2 Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін тексеру (аудит) нәтижелері жоғары басшылыққа факультет декандары мен кафедра меңгерушілері тарапынан ұсынылуы тиіс.